



Абай атындағы Қазақ Мемлекеттік Академиялық опера балет театрының ғимаратын жаңғырту үшін кредит тарту туралы

Күшін жойған

Алматы қалалық Мәслихатының шешімі ІІ сайланған V сессиясының 2000 жылғы 02 маусымдағы Алматы қалалық Әділет басқармасында 2000 жылғы 20 маусымда N 132 тіркелді. Күші жойылды - Алматы қаласы мәслихатының 2007 жылғы 5 маусымдағы N 362 шешімімен

Ескерту. Күші жойылды - Алматы қаласы мәслихатының 2007 жылғы 5 маусымдағы N 362 шешімімен

"Қазақстан Республикасының жергілікті өкілді және атқарушы органдары туралы" Қазақстан Республикасының Z934100_ Заңының 40 бабына және " Алматы қаласының ерекше мәртебесі туралы" Z980258_ Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес ІІ-сайланған Алматы қалалық Мәслихаты ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:

1. Алматы қаласының Әкіміне Абай атындағы Қазақ Мемлекеттік Академиялық опера балет театрының ғимаратын жаңғырту үшін екі жыл мерзімге 10,0 (он) млн. АҚШ доллары сомасында кредит тартуға рұқсат етілсін.
2. Алматы қаласының Әкімі 2000 жылға арналған Алматы қаласының бюджетінде кредит бойынша пайызды төлеу және өтем төлеу үшін 907,5 мың АҚШ доллары көлеміндегі ақша қаражатын іздестірсін.
3. Несиені және кредитті пайдаланғандығы үшін пайызды өтеу кестесі бекітілсін.
4. Осы шешімнің орындалуын бақылау экономика және өндірісті дамыту мәселесі жөніндегі тұрақты депутаттық комиссияға жүктелсін (А.И. Шелипанов).

ІІ-сайланған Алматы қалалық
Мәслихатының V-сессиясының
төрағасы
ІІ-сайланған Алматы қалалық
Мәслихатының хатшысы

ІІ-сайланған Алматы қалалық
Мәслихатының 2000 жылғы 2 маусымдағы

V-сессиясының шешіміне қосымша

Абай атындағы Қазақ Мемлекеттік Академиялық опера балет театрының ғимаратын жаңғырту үшін бөлінген кредит пен кредитті пайдаланғаны үшін пайызды өтеу КЕСТЕСІ (АҚШ доллары) -----
----- Мерзімі (жыл) !Негізгі қарызы ! Кредитті пайдаланғаны ! Жиыны ! ! үшін пайыз ! -----
----- 2000 ! 0 ! 907 500 ! 907 500 -----
----- 2001 ! 0 ! 1 100 000 ! 1 100 000 -----
----- 2002 ! 10 000 000 ! 550 000 ! 10 550 000 -----
----- Жиыны: ! 10 000 000 ! 2 557 500 ! 12 557 500 -----
II-сайланған Алматы қалалық Мәслихатының V-сессиясының төрағасы
II-сайланған Алматы қалалық Мәслихатының хатшысы